«ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» мемлекеттік мекемесі
ШЫҒЫС № 1-13/63
2025 ж. «18» 03.

«Jastar» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінің басшысы К. Муратбаевқа

Сіздің 2025 жылғы 14 наурызындағы № 248747 өтінішіңізге

«Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі Сіздің №14094689-1 «Жезқазғандық интернационалист-жауынгерлер Асылбек Мамажанов және Виктор Тарадайды еске алуға арналған бокстан Республикалық турнир» әлеуметтік тапсырысы шеңберінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына шағымыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 460-тармағына сәйкес критерий бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарда көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде «Өмір күрес» Қоғамдық бірлестігі, «Ұлытау жастары» Қоғамдық бірлестігі ұсынған техникалық ерекшелік мәселенің сипаттамасы (зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау арқылы анықталған объективті деректермен негізделген); Жобаның мақсаттары мен міндеттері; Жобаны іске асыру әдістері; Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспары (іс-шаралардың атауы мен нысандары, өткізу орны мен мерзімдері) ережеге сәйкес Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігі бөлімдерінің барлық талаптарын қамтиды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 460-тармағына сәйкес «Әлеуметті өнім берушінің жұмыс тәжірибиесінің болуы» критерийі бойынша «сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында әлеуметті өнім берушінің екі жылға дейінгі жұмыс тәжерибиесі» мемлекеттік сатып алу веб порталында көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың көшірмелеріне сәйкес, «Jastar» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігіне 6 балл қойылсын.

Осылайша, өтінішіңізде келтірілген дәлелдер ішінара расталды. Жоғарыда айтылғандарға байланысты, конкурс нәтижелері Қағидалардың 460-тармағында көзделген өлшемдердің салыстырмалы мәндерін қолдану бөлігінде қайта қаралатынын хабарлаймыз.

Қарау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына қатаң сәйкестікте жүргізіледі.

Қарау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына қатаң сәйкестікте жүргізіледі.

Сонымен қатар, берілген жауаппен келіспеген жағдайда, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес шағым беру құқығыңыз сақталғанын хабарлаймыз.

«Жезқазған қалысының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ басшысы **З. Даумбаев**